

"Оңтүстік Қазақстан облысының архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 432 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 22 қаңтарда № 3543 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 16 мамырдағы № 136 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің
16.05.2016 № 136 қаулысымен.

Ескерту. Барлық мәтін бойынша "Оңтүстік Қазақстан облысының архивтер және құжаттама басқармасы" деген сөздер "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" деген сөздермен ауыстырылды - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 19.02.2016 № 34 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27 бабы 2 тармағына, "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылған мерзімді басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

2) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.А. Қаныбековке жүктелсін.

Облыс әкімі
Сатыбалды Д.
Жылқышев Б.
Айтаханов Е.
Қаныбеков С.
Садыр Е.
Тұяқбаев С.
Абдуллаев А.
Мендебаев К

Б. Атамқұлов

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 432 қаулысына қосымша

"Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі тілдерді дамыту, архив ісін жүргізу және басқару саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 19.02.2016 № 34 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

2. "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атавы бар, мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама

"басқармасы" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Занды тұлғаның орналасқан жері: 160012, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, А.Байтұрсынов көшесі, 20.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру респубикалық және жергілікті бюджеттерінен жүзеге асырылады.

13. "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады

Егер "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер респубикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы:

Қазақстан Республикасы Үлттық архив қорының құжаттарын сақтауды,

қалыптастыруды, есебін жүргізуді және пайдалануды қамтамасыз ету, әлеуметтік маңызды мемлекеттік қызметті ұсыну сапасын және тиімді үрдістерін арттыру; тілдерді оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау, Қазақстан Республикасында қолданылатын барлық тілге бірдей құрметпен қарауды қамтамасыз ету.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерістер енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 19.02.2016 № 34 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

15. Міндеттері:

- 1) облыстың аумағында тілдерді дамыту саласында, архив ісінде және құжат жасауда бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 2) облыстың мемлекеттік архивтерінің сақтауына қабылданған Ұлттық архив қорының құжаттарын сақтауды, толықтыруды және пайдалануды ұйымдастыру;
- 3) облыстың мемлекеттік архивтерінде сақталатын Ұлттық архив қоры құжаттарын мемлекеттік есепке алуды жүргізу және олардың сақталуын қамтамасыз ету;
- 4) коммуналдық меншіктегі тарихи және мәдени құжаттық ескерткіштерді қорғау, оларды сақтау мен пайдалануды қамтамасыз ету;
- 5) құжаттардың ғылыми және практикалық құндылығына сараптама жүргізуді ұйымдастыру.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 19.02.2016 № 34 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

16. Функциялары:

- 1) облыс архивтерінде сақталатын Ұлттық архив қорының құжаттары бойынша деректер қорын қалыптастыру;
- 2) облыс аумағында орналасқан Ұлттық архив қорын толықтыру көздері болып табылатын ұйымдарда іс жүргізудің жай-күйіне, құжаттардың сақталуына ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылық және бақылау жасау;
- 3) жеке және заңды тұлғалардың сұрауларының орындалуын ұйымдастыру;
- 4) облыс архивтерінде сақталатын Ұлттық архив қоры құжаттарын сақтауды және сақтандыру көшірмелерін құру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;
- 5) сараптау-тексеру комиссиясы туралы ережені бекіту жөнінде облыс әкімдігіне ұсыныстар енгізу;
- 6) Ұлттық архив қорының құжаттарын мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың сұрауларын қанағаттандыру үшін пайдалану;
- 7) облыстың тарихы бойынша архив құжаттарын жинау және қайтару;
- 7-1) орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелерінің және аудандық атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының тіл туралы

зандарын сақтауын бақылауды жүзеге асыру;

7-2) деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру бөлігінде Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

7-3) Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасында белгіленген талаптардың бұзылуын жою туралы ұсынымдар беру, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген негізде және тәртіппен әкімшілік ықпал ету шараларын қолдану;

7-4) облыстық ономастика комиссиясының қызметін қамтамасыз ету;

8) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерістер енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 19.02.2016 № 34 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін облыс әкімдігінің және (немесе) әкімнің шешімдерінің, өкімдерінің, қаулыларының жобасын дайындауға қатысады;

2) заңнамамен бекітілген тәртіпте мемлекеттік органдардан, басқа да ұйымдардан өз қызметін жүзеге асыруға қажетті мәліметтер сұратады, сондай-ақ, басқа мемлекеттік органдарға мәліметтер ұсынады;

3) "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдарды құру, қайта құру және тарату бойынша облыс әкімдігіне ұсыныстар енгізеді;

4) өз құзыреті шегінде қарамағындағы ұйымдардың қызметін басқаруды жүзеге асырады;

5) мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарға архив ісі мен құжаттаманы басқару мәселелері бойынша әдістемелік, консультациялық, практикалық көмек көрсетеді;

6) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі және "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыстар жүргізеді;

6-1) облыста мемлекеттік тілді барынша дамытады, оның халықаралық беделін нығайтады;

6-2) Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін менгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайлардың жасалуына ықпал жасайды.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерістер енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы

екімдігінің 19.02.2016 № 34 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

19-1. "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

Ескерту. Қаулы 19-1-тармақпен толықтырылды - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 19.02.2016 № 34 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

20. "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттігі:

1) "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастырады және басқарады;

2) "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттер мен қызметтердің, облыс әкімі мен жетекшілік ететін облыс әкімі орынбасарының тапсырмаларының орындалуына дербес жауапты болады;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерін, сондай-ақ "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы мекемелердің бірінші басшыларын жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

4) "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

5) барлық мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарда "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік

мекемесінің мұддесін ұсынады;

6) келісімшарттар жасасады;

7) сенімхаттар береді;

8) банкте шоттар ашады;

9) өз уәкілеттігі шегінде барлық "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлеріне, сондай-ақ "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы мекемелердің бірінші басшыларына орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

10) "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлеріне, сондай-ақ "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы мекемелердің бірінші басшыларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте сыйақы шараларын белгілейді және тәртіптік жаза қолдана алады;

11) сыбайлас жемқорлықтың көріністеріне қарсы әрекеттерді қүшейту бойынша шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылуына дербес жауапты болады;

11-1) бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге, іске асыруға және нәтижелерге қол жеткізуға жауапты болады;

11-2) "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қаржылық-шаруашылық қызметіне және оған берілген мүліктің сақталуына дербес жауапты болады;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Ережемен және облыс әкімдігімен оған жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

"Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

Ескерту. 20-тармаққа өзгерістер енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 19.02.2016 № 34 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

21. Бірінші басшы құрылымдық бөлімдер басшыларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

22. "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

25. "Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және қыскарту Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Оңтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

Мемлекеттік мекемелер:

- 1) "Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік мұрафаты" мемлекеттік мекемесі;
- 2) "Жетісай өнірлік мемлекеттік мұрафаты" мемлекеттік мекемесі;
- 3) "Кентау өнірлік мемлекеттік мұрафаты" мемлекеттік мекемесі;
- 4) "Сарыағаш өнірлік мемлекеттік мұрафаты" мемлекеттік мекемесі;
- 5) "Шымкент өнірлік мемлекеттік мұрафаты" мемлекеттік мекемесі;
- 6) "Арыс қалалық мұрафаты" мемлекеттік мекемесі;
- 7) "Түркістан қалалық мұрафаты" мемлекеттік мекемесі;
- 8) "Шымкент қалалық мұрафаты" мемлекеттік мекемесі;
- 9) "Бәйдібек аудандық мұрафаты" мемлекеттік мекемесі;
- 10) "Қазығұрт аудандық мұрафаты" мемлекеттік мекемесі;
- 11) "Мақтарап аудандық мұрафаты" мемлекеттік мекемесі;
- 12) "Ордабасы аудандық мұрафаты" мемлекеттік мекемесі;
- 13) "Отырар аудандық мұрафаты" мемлекеттік мекемесі;

- 14) "Сарыагаш аудандық мұрағаты" мемлекеттік мекемесі;
- 15) "Сайрам аудандық мұрағаты" мемлекеттік мекемесі;
- 16) "Созақ аудандық мұрағаты" мемлекеттік мекемесі;
- 17) "Төлеби аудандық мұрағаты" мемлекеттік мекемесі;
- 18) "Тұлкібас аудандық архиві" мемлекеттік мекемесі;
- 19) "Шардара аудандық мұрағаты" мемлекеттік мекемесі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК